

Қостанай облысы Қостанай ауданы Борис-Романов ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2014 жылғы 11 наурыздағы № 174 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 сәуірде № 4623 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2018 жылғы 7 қыркүйектегі № 318 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 07.09.2018 № 318 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Қостанай ауданы Борис-Романов ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Қостанай ауданы Борис-Романов ауылының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай аудандық мәслихатының  
кезектен тыс сессиясының төрағасы*

*C. Кульбеков*

*Қостанай аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*A. Досжанов*

**КЕЛІСІЛДІ:**

Қостанай облысы Қостанай ауданы  
Борис-Романов ауылының әкімі

*К. Калиева*

*Мәслихаттың  
2014 жылғы 11 наурыздағы  
№ 174 шешімімен бекітілген*

# **Қостанай облысы Қостанай ауданы**

## **Борис-Романов ауылының бөлек жергілікті**

### **қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қостанай облысы Қостанай ауданы Борис-Романов ауылының (бұдан әрі - Борис-Романов ауылы) бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Борис-Романов ауылы тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің тәртібін белгілейді.

2. Борис-Романов ауылының аумағындағы ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

#### **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиын Борис-Романов ауылының әкімімен шақырылады.

Қостанай ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге он шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Борис-Романов ауылының шегінде бөлек жиынды өткізууді Борис-Романов ауылының әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Борис-Романов ауылының тұрғындары қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Борис-Романов ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Борис-Романов ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Борис-Романов ауылының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Қостанай аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Борис-Романов ауылы әкімінің аппаратына береді.

Мәслихаттың  
2014 жылғы 11 наурыздағы  
№ 174 шешіміне қосымша

## **Қостанай облысы Қостанай ауданы Борис-Романов ауылының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

№	Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Қостанай ауданы Борис-Романов ауылының тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Борис-Романов ауылы, Павлов көшесі	15
2	Борис-Романов ауылы, Школьная көшесі	10
3	Борис-Романов ауылы, Молодежная көшесі	10
4	Борис-Романов ауылы, Урожайная көшесі	5
5	Борис-Романов ауылы, Юбилейная көшесі	1
6	Борис-Романов ауылы, Целинная көшесі	3